Жарма аудандық газеті

ҚАЛБА ТЫНЫСЫ

№ 16 (9378) Жұма, 25 сәуір 2025 жыл

Газет 1934 жылдан бастап шығады

ЖАЙНАЙ БЕР - ЖАРМА!

Келелі Жарма жері ақындар мен батырлардың мекені болған, қойнауы қазына мен кенге бай құтты қоныс. Ақындардың өлеңіне арқау болған, батырлардың ізі қалған, алыптарын құшағында тербеген құт мекеннің тарихы тереңде жатса керек. Батысы ақындар мен ұлылар мекені Абай ауданымен, оңтүстігі ғашықтардың жер бесігі орын тепкен Аягөз өңірімен, шығысында сөз сүлейлері қоныстанған Ақсуаты, көрікті Көкпекті аудандарымен ауылы аралас, малы қоралас киелі мекен. Қарт Қалбаның жотасында қоныстанған Қалбатау ауылы -тоғыз жолдың торабында орналасқан. Ырыс пен бақ дарыған Жарма өңірінің жер аумағы 22,6 мың км². Жерінің кеңдігіндей халқының да пейілі кең, берекесі бекем, бірлігі жарасқан жаны жайсаң Жарма өңірінің тұрғындары –өңірдің тылсым табиғатын, тағылымға толы тарихын әрқашан мақтан етеді.

Ел мен жерді қорғаудың өшпес үлгісін көрсеткен Еспенбет пен Боранбай би, Қонақай мен Нарбота, Қарақожа мен Жәнібек, Жалаңаш пен Бекжан, Ақтамберді, Итқара, Барақ және басқа да батырлар Жарма жерінде жоңғарлармен соғысқаны тарихшылардың қаламына арқау болып жүр. Ақындар мен жыраулары, жыршылар мен әншілер елі ретінде өңірдің аты көпке әйгілі. Жарманың топырағында Ақтайлақ би бастаған Сыбанның Байғара руынан 17 ақын шыққаны, сүбелі сөз құдіретін серік еткен би-шешендерді бесігінде тербеткені туралы томтом кітап та жазылған.

Ал XIX және XX ғасырларда есімдері өңірден өзге де алыс жерлерге танымал болған Әріп Тәңірбергенов, Сапарғали Әлімбетов, Төлеу Көбдіков, Қалихан Алтынбаевтың дәстүрлерін кейіннен Кеңесбек Қалиев, Мәуітқазы Зүкенов, Дәмеш Омарбаева және Қанаш Қожахметов, Тілектес Шалжиен, Жұмабақыт Рахметова сынды ақындар жалғастырды.

Халық Сталиндік репрессияның құрбандары болған Әзімбай Лекеров, Ыдырыс Мұстанбаев, Тұрлыхан Хасенов сынды, көрнекті қоғам қайраткерлер, ағартушылардың тарихтан алар орны да салмақты.

Өнердің айдынында тербелген жармалық талантты жазушылар мен ғалымдардың, талантты дарын иелерінің Жарма жерінен қияға қанат қаққанын да айтып өтсек артық болмас. Топырағы құнарлы, ауасы жұпар, тұмса табиғаты бар Жарма жерінде көптеген дарын иелерінің өмірге келгені зор мақтаныш. Кембридж Халықаралық өмірбаяндық орталығы «Планетаның көрнекті адамы» деп таныған атақты жазушы, белгілі қоғам қайраткері Әди Шәріпов, жазушы, Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әзілхан Нұршайықов, Ұлы Отан соғысында ерліктің ерен үлгісін көрсеткен жауынгер-батырлар, сұр мерген - Төлеуғали Әбдіков сынды жерлестеріміздің ерлігін ұрпақ ұлықтап жүреді. Жарма ауданында Кеңес Одағының Батыры деген жоғары атақ алған отан қорғаушылар – Қапай Ысқақов, И.И.Варепа, И.М.Ландышев, Г.Д.Будник, П.Г.Карелин, Н.Е.Лут, П.И.Теряев, К.Шәкенов, В.А.Шулятиков. Ф.Әділбаев пен Н.И.Киселев Даңқ ордендерінің толық иегерлері атанды.

Жарманың даңқын асқақ еткен, талант пен дарын иелері, нәзікжанды арулардың есімдері де жерлестеріміздің рухын қашанда көтеріп келеді. Олардың қатарында Қазақстанның халық жазушысы, ақын Тұрсынхан Әбдірахманова, республикалық хор капелласының бірінші әйел-дирижері Гүлжазира Ахметованың, қазақ әйелдерінен шыққан бірінші биология ғылымдарының докторы, академик Нәйла Базанованың есімдері жақсы таныс. Ал, күміс көмей әнші Роза Рымбаева да Жарма ауданының перзенті.

Ауданның әлеуметтік ахуалының артып, экономикасының дамуына өлшеусіз үлес қосқан еңбек адамдарының есімдері де ауданның тарихында алтын әріппен жазылған. Еңбегімен елге зор үлес қосқан жармалықтар Кеңес заманындағы ауылшарушығы саласында табысты еңбек етіп, жоғары наградаларға ие болғандары туралы да өңір тарихының парақтарында таңбаланған. Олар Балғабек Сүлейменов Социалистік Еңбек Ері , Қабылқақ Сүтбаев пен Федор Васильевич Будник Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген мұғалімдері, Асқар Темірханов пен Сағындық Қараханов, Манап Кәріпжанов пен Ахметхан Ботаханов – құрметті теміржолшылар; Жұбайхан Шекембаев – КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты; Қызырхан Ағымбаев – Қазақ КСР-і мемлекеттік сыйлығының лауреаты; Жұмағазы Келденов, Ережеп Жұртбаев – ауыл

2

kalba_tynysy | kalba_tynysy | rv_media2@mail.ru | 8-723-47-6-26-99

басы 1 - бетте

шаруашылығына еңбегі сіңген қызметкерлер атағына ие болды. Кәми Уәлиева мен Заңипа Ағайсенова КСРО Жоғары Кеңесінің депутаттығына сайланды. Бүгінде осынау еңбек адамдарының ізін басып, жолын жалғап келе жатқан жерлестеріміздің қатары еліміз тәуелсіз мемлекет атанған уақыттан бері де артып отыр.

Жарма өлкесі отандық спорттың дамуына үлесін қосып келе жатқан даңқты спортшыларымен да мақтанады. Қазақстандағы еркін күрестен тұңғыш спорт шебері- Қабден Байдосовтың, КСРО-ның жеті дүркін чемпионы, Еуропа, Азия және әлем чемпионы, олимпиада ойындарының жүлдегері Дәулет Тұрлыхановтың есімдері кеңінен танымал. Спортты жандарына серік еткен ұл-қыздарымыз бүгінде шаршы алаңдарда бақ сынап, дүбірлі додаларда жүлдегер атанып жүргендері алдыңғы буын аға толқынның сара жолдарын жалғайтын спортшы ұрпақтың өсіп келе жатқанын танытары сөзсіз.

Киелі Жарма жерінің топырағында кіндік қаны тамып, өлкенің өркендеуіне, әлеуеттің әлеуметтік ахуалының артуына, экономикалық дамуы жолында тынбай тер төгіп келе жатқан еңбек адамдарының жұмыс нәтижесінде халықтың тұрмыс-тіршілігі артқан. Биылғы жылдың сәуір айының басында аудан әкімі Нұрлан Борсықбаев Семей қаласында өткен баспасөз конференциясында айтқан болатын. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы біршама өскен, атап айтар болсақ, 2024 жылы өнеркәсіптік өнім өндірісі - 26,5 пайыз. Осы

орайда Жарма ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі ұсынған ақпаратты назарларыңызға ұсынамыз.

Биылғы жылдың **қаңтар – наурыз** айларында өнеркәсіп өнімі көлемі 143 132,7 млн. теңгені құрап, өткен жылдың сәйкес деңгейінен 56 336,3 млн. теңгеге артты. Өсу қарқыны – 164,9 пайыз, нақты көлем индексі – 103,2 пайыз (2024 жылғы қаңтар – наурыз: 86 796,3 млн. теңге).

Жоспар - тапсырма: 124 173,3 млн.теңге, орындалуы 115,3 пайызды құрады.

Оның ішінде тау – кен өнеркәсібінің көлемі 135 667,1 млн. теңгені құрап, 52 861,5 млн. теңгеге артты. Өсу қарқыны – 163,8 пайыз, нақты көлем индексі – 100,2 пайыз (2024 жылғы қаңтар – наурыз: 82 805,6 млн. теңге).

Жоспар - тапсырма:

120 880,4 млн.теңге, орындалуы 112,2 пайызды құрады.

Өңдеу өнеркәсібінде өнім 6 020,6 млн. теңгені құрап, 3 191,2 млн. теңгеге артты. Өсу қарқыны – 212,8 пайыз, нақты көлем индексі – 202,5 пайыз (2024 жылғы қаңтар – наурыз: 2 829,4 млн. теңге).

Жоспар тапсырма: 3 292,9 млн. теңге, орындалуы 182,8 пайызды құрады.

Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі:

Қаңтар – наурыз айларының есепті кезеңіне ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі 3 622,7 млн. теңге деңгейінде орындалып, өсу қарқыны – 65,5 пайызды, нақты көлем индексі – 100,7 пайызды құрады (2024 жылғы қаңтар – наурыз: 5 531,5 млн. теңге).

Жоспар - тапсырма: 3 949,5 млн. теңге, орындалуы 91,7 пайызды құрады.

Негізгі капиталға инвестициялар:

Есепті кезеңде негізгі капиталға инвестициялар көлемі 2 437,0 млн. теңгені құрап, өткен жылдың сәйкес деңгейінен 80,9 млн. теңгеге кеміді. Өсу қарқыны – 96,8 пайыз, нақты көлем индексі – 94,5 пайыз (2024 жылғы қаңтар – наурыз: 2 517,9 млн. теңге).

Жоспар - тапсырма: 3 600,0 млн. теңге, орындалуы 67,7 пайызды құрады.

Құрылыс жұмыстарының көлемі:

Қаңтар – наурыз айларында құрылыс жұмыстарының көлемі 358,1 млн. теңгені құрап, 2024 жылдың сәйкес деңгейінен 159,7 млн. теңгеге артып, өсу қарқыны 180,5 пайызды, нақты көлем индексі – 177,3 пайызды құрады (2024 жылғы қаңтар – наурыз: 198,4 млн. теңге).

Жоспар – тапсырма: 400,0 млн. теңгені құрап, орындалуы 89,5 пайызды құрады.

Тұрғын үйлерді пайдалануға беру:

Ағымдағы жылдың қаңтар - наурыз айларында пайдалануға берілген тұрғын-үй көлемі 2 316 шаршы метрді құрап, өткен жылдың сәйкес деңгейінен 7 шаршы метрге артты (2024 жылғы қаңтар – наурыз: 2 309 шаршы метр).

Жоспар – тапсырма: 2 100 ш.м. құрап, орындалуы 110,3 пайызды құрады.

Бөлшек тауар айналымы:

Қаңтар – наурыз айларында бөлшек сауда көлемі 4 970,3 млн. теңгені құрап, өткен жылдың сәйкес деңгейінен 612,5 млн. теңгеге артты. Өсу қарқыны – 114,1 пайыз, нақты көлем индексі – 105,8 пайыз (2024 жылғы қаңтар – наурыз: 4 357,9 млн. теңге).

Жоспар – тапсырма: 5 124,8 млн. теңге, орындалуы 97,0 пайызды құрады.

Көтерме сауда көлемі:

Есепті кезеңде көтерме сауда көлемі 1 366,3 млн. теңгені құрап, өсу қарқыны 261,8 пайызды, нақты көлем индексі – 254,7 пайызды құрады (2024 жылғы қаңтар – наурыз: 521,9 млн. теңге).

Жоспар – тапсырма: 595,5 млн. теңге, орындалуы – 229,4 пайыз.

Шағын және орта бизнес:

Есепті кезеңде жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 2 401 бірлікті құрап, өткен жылдың сәйкес деңгейінен 34 бірлікке немесе 1,4 пайызға кеміді (2024 жылғы қаңтар – наурыз: 2 435 бірлік).

Жоспар – тапсырма: 2 445 бірлік, орындалуы – 98,2 пайыз.

Меншікті кірістер:

Қаңтар – наурыз айларында ауданның меншікті кірістер көлемі 2 295,7 млн. теңгені құрап, өткен жылдың сәйкес деңгейінен 158,6 млн. теңгеге артып, өсу қарқыны – 107,4 пайызды құрады (2024 жылғы қаңтар – наурыз: 2 137,1 млн. теңге).

Кәусар Арықханқызы.

Сақтық шаралары басты назарда!

Сейсенбі күні Жарма ауданына ҚР Төтенше Жағдайлар министрлігі комитетінің төрағасы Серік Жүнісбеков, Төтенше жағдайлар министрлігі Техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу департаментінің басшысы Құсайынов Болат Айтжанұлы арнайы жұмыс сапарымен келді. Жалпы жұмыс сапарының басты мақсаты – елді мекендердегі су басу қаупін азайту және халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, елімізде су тасқыны қаупі бар учаскелерде су тасқынына қарсы іс-шаралар ұйымдастыру екені айтылды. Өңірге арнайы жұмыс сапарымен келген меймандар «Шар-су» қоймасына барып, жұмыс барысымен танысты. Аудан әкімі Нұрлан Борсықбаев және «Қазсушар» РМК Абай облысы бойынша филиалының директоры Жарқынбек Байсабыров Төтенше жағдайлар министрлігінен келген өкілдерге су қоймасының қазіргі таңдағы ахуалын жеткізді. Өңірге келген саланың жауапты мамандары Абай облысында өзендердегі гидрологиялық жағдайдың тұрақты екенін, өзендердегі мұз толығымен еріп кеткені туралы айтып, 30 млн. куб метр көлемінде су жиналу жоспарланып отырған нысанның сақтық шаралары басты назарда екенін жеткізді. Сондай-ақ, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ықтимал тәуекелдерді барынша азайта отырып, су тасқыны жағдайының алдын алу мақсатында жүргілетін жұмыстар алдағы уақытта да басты назарда болатыны айтылды. «Шарсу» су қоймасы кейін Төтенше жағдайлар министрлігі мамандарының жұмыс сапары аудандық Төтенше жағдай бөлімінде жалғасты. Бөлімнің материалдық-техникалық базасымен танысып, мамандарымен тілдескен министрлік өкілдеріне аудандық Төтенше жағдай бөлімінің тыныс тіршілігін таныстырған өңір басшысы Нұрлан Борсықбаев мекеме ғимаратының проблемалы тұстарын жеткізді. Алдағы уақытта ауданның Төтенше жағдай бөліміне жаңа ғимарат салу немесе толыққанды жөндеу жұмыстарын жүргізудің қажеттілігін жеткізді.

Өз тілшіміз.

Менің әкем – майдангер

Адамзат тарихында ең қаһарлы болған соғыс бүкіл әлемге қасапсыз қайғы-қасірет әкелді. 1941-1945 жылғы соғыс. Естіген құлаққа салмағы ауыр, ызғары қатты бұл сөздің дүние жүзіне әкелген қасіреті қаншама. Бейбіт елдің берекесін кетірген, ынтымағын ойсыратқан да осы – соғыс. Соғыс зардабын, қайғы-қасіретін, жан жарасын ешкім де ұмыта алмайды. Биыл Ұлы Жеңіске 80 жыл толды. Осы тұста біздің әкеміздің де Отан қорғау жолында от пен оқтың ортасындағы жанкештілігін, ел мен жерді азат ету үшін жаумен күрескен ерлік жолдарын оқырманға жеткізгім келді.

Менің әкем Нұрғалиев Қапаш 1925 жылы Жарма ауданы Балажал кен орнындағы өлкеде дүниеге келген. Әкесі Рсаков Нұрғали сол уақыттағы Алтай алтын комбинатының Балажал кен орнында жұмысшы болған екен. Әкем Қапаш 1941 жылы Балажал орта мектебінің 7-сыныбын бітірген соң, сұрапыл соғыс басталады. Мектепті жаңа ғана бітірген бозбала кен орнына жұмысқа кіреді. Алайда 1943 жылға дейін жеті қат жер астындағы кен орнында жұмыс істей жүріп, майданға аттанғанға дейін тау-кен саласының білікті маманды болып шыңдалады. Сол жылдың қаңтар айында әскер қатарына алынып, Жапон соғысына аттанады. Оқ пен оттың ортасында жүріп, жаумен қиян-кескі шабуылға қатысты. Соғыс жылдарында қатардағы жауынгер ретінде жау соққысына тойтарыс беруге өзіндік үлесін қосты. Кезекті бір ұрыста ауыр жарақат алып, 1946 жылы елге 2 топтағы мүгедек болып оралады. Соғыстың қиындығына сынбай, теперішіне төтеп берген қайсар жандардың бірі ретінде туған өлкесіне келгеннен кейін тау асты жұмыстарына араласып, бұрғылаушы маманы ретінде жұмысын жалғастырады. Осылайша 47 жыл Балажал, Бөке кенттерінде тынбай еңбек етіп, зейнеткерлік демалысқа шығады. Анам Күләш екеуі 8 бала өсіріп, солардың қызық қуанышын көріп кетті. 1999 жылы анам екеуінің шаңырақ көтергендері 50 жыл толған «алтын тойларын» атап өткен едік.

Майданнан аман-есен еліне оралып, өңірде ұзақ жыл еңбек еткен әкеміздің биыл 100 жылдығы. Еселі еңбектің ерен үлгісін көрсете білген майдангер әкеміз медальдармен, алғыс хаттармен де марапатталған. Бүгінде асқар тау әкеміздің есімін ардақтап, ерлік істерін, еселі еңбегін әрқашан айтып жүреміз. Есіміңіз есімізде сақталады, ерлік ешқашан ұмытылмайды деген осы болар.

Болат Қапашұлы, Қалбатау ауылы.

ЖАРМА - ТҰЛҒАЛАРДЫ ТҮЛЕТКЕН ҚҰТ МЕКЕН

Ж.Омаров

Атағы алты Алашқа танылған қасиетті Жарма өңірі – әйгілі ақындар мен батырлар, сұңғыла билер, көрнекті мемлекет қайраткерлері шыққан, өнері өрістеген мекен ғана емес, тектіліктің тамыры тереңге кетіп, әлемге танылған тұлғаларды түлеткен құт мекен.

Жарма – қасиетті өңір. Ұлы даланың ұлық перзенттері шыққан жер. Тұғыры биік тұлғаларды түлеткен жер. Сан-салалы өнердің ордасы. Арғы тарихта әрі қолбасшы, әрі батыр, әрі ақын ретінде танылған Қаракерей Ақтамберді жырау, Еспембет батыр мен Керей Ер Жәнібек батырдан бастап қасиет тұнған Ақтайлақ би баба, оның әкесі әулие Байқара бидің «Сыбанның он жеті ақыны» деген атпен белгілі ұрпақтары, от ауызды, орақ тілді Түбек жырау бастаған айтыс жүйріктерінің шоғыры, Ағашаяқ атымен сахара далаға мәшhүр болған ақын, сазгер, қазақ цирк өнерін қалаушылардың бірі Назар Жүндібайұлы, өлең сөздің жүйріктері, әйгілі халық ақындары Төлеу Көбдіков пен Сапарғали Әлімбетов, ұлт мүддесі жолында халқына қалтқысыз қызмет еткен Алаш қайраткері, әдебиет сыншысы, абайтанушы Ыдырыс Мұстамбаев, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, батыр партизан, жазушы Әди Шәріпов, майдангер жазушы Әзілхан Нұршайықов, ұлттық поэзия мен әдебиеттану ғылымында өзіндік із қалдырған арқалы ақын, әйдік әнші, ғалым Тұрсынхан Әбдірахманова, айтыс ақиығы, шежіреші Қалихан Алтынбаев, жезтаңдай әнші Роза Рымбаева аудан атын асқақтатып, абыройын биіктеткені дүйім елге белгілі. Бұл аты аңызға айналған әнші, композитор, атақты «На-на» музыкалық тобының негізін қалаушы әрі жетекшісі Бари Әлибасов пен әлемге әйгілі балуан Дәулет Тұрлыхановтың кіндік қаны тамған жер. Сұрапыл соғыста ерекше ерліктерімен көзге түскен Кеңес Одағының Батырлары Кенжебек Шәкенов пен Қапай Ысқақов, Даңқ орденінің толық кавалері Фазыл Әділбаев, 397 фашистің көзін жойған даңқты сұрмерген, Халық қаһарманы Төлеуғали Әбдібеков осы қасиетті аймақта туып өскен. Осы киелі мекенде туып өскен, ерен еңбектің жарқын үлгісін көрсеткен Социалистік Еңбек Ері, атақты бақташы Балғабек Сүлейменовтің ізін басып, еңбек көрігін қыздырған тұлғалар да баршылық.

Қ.Біләлов

Еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап тарихымызды түгендеп, елге қорған болған батырлар мен би-шешендердің, халық жадында қалған тұлғалардың есімдері қайта жаңғырды. Бұл ретте біршама игі істер атқарылғанымен Қалбатаудың әр төбесінде әлі де талай айтылмаған сыр, жазылмаған шежіре жатқанын айту абзал. Осы ойымызды дәлелдеу мақсатында алты алашқа аты танылған киелі мекеннің бұған дейін айтылмай келген әлемге, елімізге белгілі перзенттері туралы әңгімелесек.

Туып өскен өлкеге еңбегімен елеулі болған абзал азаматтар аз емес.Ең әуелі теміржол саласының аса көрнекті өкілі Жұмағали Омаров (1901-1974) еске түседі. Белтерек ауылдық округінің Қаратас қыстағында туған жігерлі жан жас кезінен бастап Түркістан-Сібір темір жолын салуға қатысты, жанкешті еңбегі мен білім-қабілетінің арқасында Алаш көсемдерінің бірі, қазақтан шыққан тұңғыш теміржол қатынастарының инженері Мұхамеджан Тынышбаевтан тәлім ала жүріп, қатардағы теміржолшыдан министр деңгейіндегі лауазымға дейін көтерілді. Қазақ ұлты арасынан бірінші болып Түркістан-Сібір темір жолының бастығы қызметін абыроймен атқарып, генерал-полковник шенін алды, Алматы теміржол көлігі инженерлері институтының (қазіргі М.Тынышбаев атындағы логистика және көлік академиясы) негізін салып, тұңғыш бастығы болды.

Жұмағали Омаровтың өнегелі жолын оның талантты ізбасары, Қазақстан темір жолының дамуына өлшеусіз үлес қосқан көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Құдайберген Көпжасаров (1928-2015) жалғастырды. Жарма ауданы ауылдарының бірінде дүние есігін ашқан ол темір жолдағы еңбек жолын Ақтоғай жол дистанциясында жұмысшы болып бастады. Ташкент теміржол көлігі инженерлері институтын бітіргеннен кейін станция бойынша кезекші, пойыз диспетчері, бөлімше бойынша кезекші, Алматы станциясының бастығы болып жұмыс істеді. Қазақ темір жолы құрылғаннан кейін Аягөз, Семей жол бөлімшелерінің бастығы болды. Ұйымдастырушылық қабілеті мен іскерлігінің арқасында 1967 жылы ол Қазақ темір жолының бас инженері болып тағайындалып, бұл қызметте он жылға жуық еңбек етті. 1977 жылы Батыс Қазақстан темір жолының бастығы болып тағайындалды. 1980 жылдың басынан 1982 жылдың қыркүйегіне дейін Қазақ КСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары жоғары лауазымды қызметін атқарды. Одан кейін Алматы темір жолының бастығы болып қызмет етті. Төрт рет Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің депутаты, он жыл бойы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды.

Қ.Көпжасаров

Жарық ауылдық округі құрамындағы Малай ауылында туып өскен тағы бір даңқты жерлесіміз Қали Біләловтің (1918-1977) де өмір жолы кейінгі ұрпаққа үлкен өнеге. 1938 жылы қазіргі Қазақ ұлттық университетінің химия факультетіне оқуға түседі. Студент болып майданға аттанады. Соғыстан аман оралғанннан кейін университетті үздік бітіріп, Қазақстан Ғылым академиясының Химия институтында кіші ғылым қызметкер, институттың ғалым хатшысы, директорының орынбасары болып істейді. 1957-59 жылдары Шымкент химия-технология институтының ректоры болған кезінде бұл оқу орнын Қазақ технологиялық институты деңгейіне көтереді, 1960-1971 жылдары жаңадан құрылған Қазақ КСР Жоғары және арнаулы білім министрлігін басқарып, республикадағы жоғары оқу орындары мен техникумдардың өркендеп дамуына үлкен үлес қосады. 1971-1977 жылдары Қазақ КСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары қызметін абыроймен атқарады. Осы лауазымды қызметте жүрген кезінде Белтерек ауылындағы орта мектептің жаңа типтегі екі қабатты ғимаратын салуға үкімет тарапынан қаржы бөлуге көмектеседі.



М.Мақажанов

1941 жылы Шар қаласында туып өскен елімізге және шет елдерге кеңінен белгілі дәрігер-ғалым, ҚР ҰҒА академигі, медицина ғылымының докторы, профессор Райыс Төлебаев Қазақстанда оториноларингология (құлақ, мұрын, тамақ, аурулары) саласы мектебінің кәсіби негізін салды, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік медицина академиясының, Ақмола медицина академиясының ректоры болып жемісті еңбек етті. Оның есімі Ұлыбританиядағы Көпұлтты биографиялық орталық шығарған «XXI ғасырдың көрнекті ғалымдары» атты кітапқа енген. Ғалымның жетекшілігімен 14 докторлық, 37 кандидаттық диссертация қорғалды.

Сұлусары ауылында 1956 жылы туып өсіп, Қалбатаудағы Абай атындағы орта мектепті бітіргеннен кейін Семей мемлекеттік медицина институтын оқып тамамдаған Марат Мақажанов та академик Райыс Төлебаев жерлес ағасы сияқты жастайынан маман дәрігер ретінде танылып, бедел биігінен көрінді. Алматы қаласының бас урологы атанып, Б.О.Жарбосынов атындағы Урология ғылыми орталығындағы Андрология бөлімшесінің меңгерушісі қызметіне дейін көтерілді. Жоғары санатты уролог-дәрігер, профессор, медицина ғылымдарының докторы, қазір де Алматы қаласының штаттан тыс бас урологы. Еліміздегі ең үздік хирург-урологтардың бірі, ең күрделі қайта қалпына келтіру-пластикалық шұғыл араласуларды орындау техникасын жетік меңгерген. Несеп-жыныс жүйесінің барлық бөлімдерінде шұғыл араласулардың барлық түрлерін меңгерген тәжірибелі маман. Несеп жолдары стриктурасы микрохирургиясы, эректильді дисфункция кезіндегі гипоспадия және фаллопротездеу бойынша емдеу технологияларын алғаш болып енгізген ғалымдардың бірі. «Алтын дәрігер» төс белгісімен марапатталған.

Р.Төлебаев

Осы кезге дейін біз білмей келген әлемге әйгілі альпинист Ринат Хайбуллин де біздің даңқты жерлесіміз екенін үлкен мақтаныш сезімімен айтамыз. 1960 жылы Қалба тауы бөктеріндегі атақты Бөке кенішінде туған Ринат он жеті жасынан альпинизммен және құзға өрмелеу спортымен айналысты. 1986 жылы «Қар барысы» нормативін орындады. Мұндай жоғары атақ бұрынғы Кеңес Одағы аумағындағы барлық жетімыңдық шыңдарды бағындырған альпинистке ғана берілетін. 1994 жылы Ринат теңіз деңгейінен жеті мың метр биік орналасқан шыңдарға отыздан астам рет шығып, үш мәрте «Қар барысы» атанды. 1986 жылы КСРО командасы құрамында Гималай тауының биіктігі 8 586 метр болатын Канченджа шыңын алғаш рет бағындырды. Осы жетістігі үшін оған КСРО-ның еңбек сіңірген спорт шебері атағы берілді.

Р.Сәкенова

Қазір де Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Ринат Хайбуллин жастарды құзға өрмелеу спортына баулып, жемісті еңбек етуде.

Әлемге белгілі боксшы Владимир Кличко да киелі Жарма өңірінің перзенті. 1976 жылы Солнечный әскери қалашығында, қазіргі Шуақ ауылында өмірге келген. Әкесі осы жерде әскери ұшқыш болып қызмет атқарып, кейін генерал-майор шеніне дейін көтерілген. Ал Владимир бала кезінен бокспен шұғылданып, биік белестерді алды. 1996 жылы Атлантада өткен XXVI Олимпиада ойындарының бокстан чемпионы. Кәсіби бокстан WBO версиясы бойынша 2000-2003, 2008-2015, IBF версиясы бойынша 2006-2015 жылдардағы, IBO версиясы бойынша 2006-2015 жылдардағы және WBA версиясы бойынша 2011-2015 жылдардағы әлем чемпионы. Ауыр салмақта қарсыластарынан 23 рет басым түсіп, дүниежүзілік рекорд орнатқан.



Р.Хайбуллин

Жарма жерінен түлеп ұшқан халқының қадірлі қызы, Белтерек орта мектебінде, Ортабұлақ бастауыш мектебінде және Абай атындағы көп салалы мектеп-гимназиясында білім алған ұлағатты ұстаз, педагогика ғылымының кандидаты Рахима Бөлекбайқызы Сәкеновaның есімін республиканың мұғалімдер қауымы жақсы біледі. Алматыдағы байырғы оқу орны – Ш.Уәлиханов атындағы № 12 гимназияда 1980-2007 жылдары қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беріп, оқушыларды білім нәрімен сусындатты, 2007-2022 жылдары осы мектептің директоры болып, білікті де жаңашыл басшы ретінде кеңінен танылды.

Рахима Бөлекбайқызы – қазақ тілі мен әдебиетін оқыту жөніндегі бірнеше оқу құралының, жүзден астам ғылыми-әдістемелік мақалалардың авторы. «Құрмет» орденімен, Ыбырай Алтынсарин медалімен марапатталған. 2023 жылы Алматының орталық көшелерінде педагог-ғалым құрметіне фотосымен бірге арнайы билборд ілінді. Мұның өзі Алматының бас ұстазы атанған ізгі жанға көрсетілген үлкен құрмет белгісі болар.

В.Кличко

Міне тасын түртсең, тарихы сөйлейтін мекеннің әлі де біз білмейтін осындай қыры мен сыры қаншама?! Шардан шыққан әйгілі әнші Бари Әлибасов туған жеріне деген ыстық сезімін: «Мен үшін Шар – Жер шарындағы ең ұлы мекен!» деп ерекше ілтипатпен жеткізген болатын. Шынында да солай. Мидай жазық далада орналасқан шағын ғана қаланы осылай теңеу қалай да жарасады.

Шежірелі қасиетті өлке өзінің өзінің құпия сырларымен көпті баурайды. Жарма жерінің киесі туралы сөз қозғасақ, талай дүниені айтып қозғауға болады. Көркіне көз тоймас тұмса табиғаты мен бағалы қазба байлықтары таңқаларлықтай терең сырлы қарт Қалба тауының қойнауы мен шежірелі дала төсінде құпиясы әлі ашылмаған тарихымыз, елдік пен ерлікті ұштастырған елеулі оқиғалар, ұлт болашағы үшін күрескен тұғырлы тұлғалар тағдыры жатыр.

Қазыналы қарт Қалбаның құнарлы топырағы тұлғаларды тәрбиелеп түлетудің құтханасына айналды. Жарма жерінен түлеп ұшқан елге танымал тұлғаларды түгендеп шығу мүмкін емес. Өйткені, қасиетті құтмекеннің әрбір даңқты перзенті өз алдына бір төбе. Атажұрттағы қалың ел оларға тілекші. Жармалықтар жырақтағы жерлестерінің жетістіктерін әркез мақтанышпен айтып, өскелең ұрпаққа үлгі етеді.

Серікқазы Қорабай.

ЖАРМА - КРАЙ ЗОЛОТЫХ

ПРОДОЛЖАЯ СЛАВНУЮ ИСТОРИЮ РЕМЗАВОДА

История становления и развития градообразующего предприятия райцентра - Георгиевского завода насосного оборудования, ранее ремонтно-механического завода начинается в середине тридцатых годов прошлого века, с произведением здесь первого чугунного литья. Сегодня ГЗНО - это чугунно-литейное производство с вагранкой производительностью 6 тн/час, куда входят стержневой, дробометный участки, участки выбивки готового литья, шихтовки, хранения и подготовки формовочных смесей; сталелитейное производство с современными индукционными печами на 160 кг и 400 кг, позволяющие получить качественный сплав стального, нержавеющего и цветного литья. Это модельный участок, где современное оборудование и материалы, обеспечивающие необходимыми моделями и стержневыми ящиками любой сложности; цех механической обработки, оснащенный оборудованием для обработки литых заготовок, заготовок из проката и нестандартных изделий и имеющий в своем составе сборочный и сварочный цеха, терический и шлифовальный участки.

Основная специализация завода – выпуск широкого спектра центробежных насосов типа К, Д, ЦНС, ВК, СМ, запасных частей к данным насосам, используемых на предприятиях горнодобывающей, теплоэнергетической, нефтедобывающей отраслей промышленности нашей страны, а также в коммунальном хозяйстве. На заводе освоен выпуск 100 видов рабочих колес к насосам различных типоразмеров из чугуна и высоколигированных сталей. Другим направлением деятельности является производство чугунных и цветных отливок, рудничных вагонеток, запасных частей для цементных заводов, нестандартизированного оборудования и металлоконструкций для предприятий теплоэнергетики, горнорудной и нефтедобывающей промышленности Казахстана.

Если говорить об основных показателях производственно – финансовой деятельности завода, то по информации финансового директора ТОО «Георгиевский ЗНО» Елены Белоконь, в течение минувшего 2024 года предприятием произведено продукции на 1 278 841,9 тг, уплачено налогов в бюджет 197 млн. тенге, полученная прибыль составила 75 млн. тенге. Заводчанами изготовлено: насосов центробежных 108 штук, насосов консольных - 46 штук, запасных частей к данным насосам 3633 штук, нестандартизированного оборудования 180 штук.

Благодаря наличию законченного технологического цикла производства продукции завод имеет стабильное производство, что дает твердую гарантию своевременного и качественного изготовления и поставок насосной продукции. На протяжении многих лет потребителями продукции ГЗНО являются крупные предприятия страны, среди которых ТОО «Корпорация Казахмыс», ТОО «Цементный завод Семей», АО «Казцинк», НАК «Казатомпром», АО «КазМунайГаз», АО «ЭмбаМунайГаз», АО «ОзенМунайГаз», АО «Казтрансойл», АО ТНК«Казхром», АО «Мангистаумунайгаз», ТОО «Востокцветмет», АО «АК Алтыналмас», АО «Темиртауский электрометаллургический комбинат», АО «Горно-металлургический концерн Казахалтын», АО Каражанбасмунай», АО «Алтайкокс», ТОО «Казуглегаз», ТОО «Энергосервис» и многие другие. В целом же стоит отметить – в течение последних двенадцати лет завод имеет рентабельное производство, стабильное финансовое положение, не имея никакой налоговой или кредиторской задолженности. Получаемые доходы от основной деятельности вкладывались и продолжают вноситься в совершенствование и расширение производства. Вот и в прошлом году инвестиции в основной капитал предприятия составили сумму на более 200 млн.тенге, на которые были приобретены станки с числовым-программным управлением, плавильная печь, автопогрузчик. Предприятие располагает квалифицированными рабочими и инженерно-техническими кадрами, что позволяет проводить подготовку производства на высоком уровне и оперативно реагировать на все пожелания и предложения заказчиков. Многие работники завода – токари, сварщики, формовщики-заливщики, фрезеровщики, сталевары добросовестно трудятся здесь многие годы, добиваясь высоких результатов в своей работе, уважаемы в коллективе, среди жителей райцентра. Все это актуально в текущем году, как известно проходящем под девизом года рабочих профессий, провозглашенном руководством нашего государства .

РОЗА ВЕТРОВ ЖАНГИЗТОБЕ НА БЛАГО ЛЮДЕЙ



Сегодня Казахстан входит в число стран, придерживающихся Концепции перехода к зеленой экономике и альтернативной энергетике, направленной на рациональное использование природных ресурсов. В рамках утвержденной в 2013 году такой государственной программы и стало возможным появление в Жарминском районе таких масштабных сооружений по возобновляемости источников энергии, имеющих большое социальное значение для всей страны в целом. Общеизвестно и примечательно – местность поселка Жангизтобе славится на всю страну постоянной высокой ветреностью, самой природой здесь созданы благоприятные климатические условия, есть так называемая «роза ветров». Сегодня, этот казалось бы, отрицательный факт, люди обратили в большой плюс, возводя на жангизтобинских просторах солнечные и ветровые электрогенераторы, умеющие аккумулировать десятки мегаватт электроэнергии и подавать экологически чистую энергию в общую энергосистему Казахстана.

Одним из первых крупных проектов, реализуемым в районе по государственным ФИИР проектам, является установленная в августе 2019 года ТОО «Жангиз солар» солнечная электростанция мощностью 30 МВт электроэнергии. Общая площадь станции, где устанвлены панели, составляет 66,6 гектаров. Здесь трудятся 15 постоянных работников, семь из которых – технические специалисты. Если глобальное изучение солнца составляет в среднем по Казахстану 1300-1800 киловатт-часов на квадратный метр, то в районе поселка Жангизтобе удельный выход солнечной энергии превышает 1300 киловатт – часов на 1 кв. метр. А это огромный потенциал для применения солнечных электростанций для Жармы.

В 2021 году в канун 30-летия Независимости в поселке Жангизтобе была введена в эксплуатацию и первая в истории Восточного Казахстана ветровая электростанция, с генерированием здесь 30 МВт электроэнергии в год. Возведение станции осуществлялось ТОО «Чарск – Ветер», которым было установлено 17 ветровых турбин, каждая со своей соответствующей мощностью, Стоимость же данного инновационного проекта составляет 7 млрд.400 млн. тенге, выделенным из бюджета за счет инвестиционных средств. Безусловное преимущество ветроэнергетики – стопроцентная экологическая безопасность, ведь ветровые турбины – это отсутствие производства сточных вод, загрязнения воздуха продуктами горения, уменьшение выбросов парниковых газов, дыма, пыли, золы и шлаков. Так считают, каждодневно получая электроэнергию будущего, сотрудники подстанции Жангизтобинской электростанции, оснащенной новейшим технологическим оборудованием «Siemens AG» и укомплектованной штатом квалифицированных специалистов и вспомогательного персонала.

- Общее управление электростанцией ведется по компьютеру, в него заложены все схемы подстанции 20110, показывающие температуру воздуха, общее направление и скорость ветра, атмосферное давление, производимую выработку электроэнергии. Учитывая, что в данной местности всегда дует ветер, сбоев в работе станции не должно быть. В Казахстане немало площадей, чтобы

поставить новые ветряные и солнечные электростанции, выучить и подготовить специалистов, чтобы все это работало и приносило пользу. За такими экологически чистыми методами получения электроэнергии будущее, ведь будет укрепляться энергетическая независимость Казахстана, будут создаваться новые рабочие места. А потому немаловажно, что все экологическое у нас должно поддерживаться и развиваться, - уверены сотрудники электростанций.

Подготовила Г.Смагулова.

РОССЫПЕЙ И ПЕВУЧИХ АКЫНОВ

ЖЕЛЕЗНЫЕ ДОРОГИ – СИМВОЛЫ РАЗВИТИЯ СТРАНЫ

У железных дорог Казахстана есть многовековая летопись, отраженная также в их железнодорожных станциях. Ведь эти станции не просто сооружения на железных путях, места ожидания поездов, но и культурное и архитектурное наследие, своеобразные памятники национальной истории страны, при исследовании которых более глубоко узнается прошлое страны, наша современность, связи между различными регионами, способствуя их всестороннему обмену. На железных дорогах также создавались производственные базы по ремонту подвижного состава и путевого хозяйства. В нашей сегодняшней заметке – путешествие по железнодорожным станциям, имеющимся на территории Жарминского района.

